

АКТ

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның тексеруі

Жаңаөзен қаласы №17 жалпы
білім беретін мектеп КММ

29.04.2024 ж.

Біз, төмендегі комиссия мүшелері тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу мақсатында тексеру жүргізілді.

Тегін тамақ ішетін оқушылар саны: 1-4 сыныптар : 475 оқушы
5-11 сыныптар-150 оқушы

Мектеп асханасының санитарлық тазалығын және бекітілген заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында комиссия мүшелерінің кезекті тексеруі жүргізілді. Тексеру барысында апталық ас мәзірі жасалынып бекітілген, ыстық тамақ ас мәзіріне сәйкес дайындалуы, әкелінген азық-түліктердің талапқа сай сертификаты бар, уақыт мерзімі жарамды, тамақ беру, тіркеу журналдары толтырылған. Бір күндік тамақ сынамасы алынған. Ас ішетін бөлмесі және тамақ дайындалатын ас пісіру бөлмесі жуып, сүртілген. Азық –түлік сақтау қоймасы таза, қоймада тиісті азық-түліктер қалыпты жағдайда сақталып тұр. Тамақ дайындалатын пісіру пеші толық жұмыс жасап тұр. Ыдыс аяқтар талапқа сай жуылған, таза. Ауыз су ішуге арналған таза (фильтр) орнатылған. Бракираж комиссия мүшелерімен асхана ішілік тазарту жұмыстары күнделікті тексеріліп тұрады. Қоймалар іші таза, шикі тамақтар қоры жеткілікті. Шикізат сақталатын қойма іші талапқа сай. Асхана ішінің санитарлық-гигиеналық жағдайы жақсы. Дайын тағамдар сапасын тексеру журналына күнделікті толтырылып, қол қойылады.

Қорытынды: Асхана қызметінің жұмысы, тамақ өнімдерінің сақталуы, санитарлық-гигиеналық талабы жақсы деп бағаланды.

Комиссия мүшелері:

1. Мектеп директоры
2. Медбике:
3. Кәсіподақ :
4. Есепші:
5. БОІЖО:
6. Әлеуметтік педагог:
7. Ата-ана:



Алмаганбетов М.П
Аспентаева Г.
Аязбаев.С
Қаржаубаева. А
Аймуханова С.
Усенова Г.
Сапарова.Қ

